

ВСЕГО В 2024 ГОДУ ПЛАНИРУЕТСЯ ОБНОВИТЬ БОЛЕЕ 1 400 КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА, ИЗ НИХ 570 КИЛОМЕТРОВ КАПИТАЛЬНО – С ПОЛНОЙ ЗАМЕНОЙ РЕЛЬСОШПАЛЬНОЙ РЕШЕТКИ. К НАСТОЯЩЕМУ МОМЕНТУ ОТРЕМОНТИРОВАНО ПОРЯДКА 750 КИЛОМЕТРОВ ПУТИ. ЭТО БОЛЬШЕ ПОЛОВИНЫ ОТ ЗАПЛАНИРОВАННОГО ОБЪЕМА.

Сакен РАХМЕТОВ,

директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция магистральной сети»



№69 (2999)
13/08/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КЛЮЧЕВОЕ ЗВЕНО В ТРАНЗИТНО-ТРАНСПОРТНОЙ СФЕРЕ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев обсудил с главами государств Центральной Азии транзитно-транспортный потенциал региона.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В Астане прошла VI Консультативная встреча глав государств Центральной Азии. В своем выступлении Президент Казахстана отметил, что итоги консультативных встреч вывели региональное сотрудничество на беспрецедентный уровень, придав ему системный, всеобъемлющий и, главное, доверительный характер.

– Знаковым событием в контексте совершенствования механизмов нашего взаимодействия станет утверждение сегодня «Дорожной карты по развитию регионально-сотрудничества до 2027 года». Документ нацелен на улучшение межправительственной координации и усиление контроля за ходом реализации инициатив, выдвинутых на этой площадке. Кроме того, будет подписан еще один важный документ, направленный на развитие региональной кооперации



«Центральная Азия-2040». Эти и другие шаги являются свидетельством общей приверженности всестороннему региональному взаимодействию во благо наших народов, – сказал Президент Казахстана. В ходе выступления

Касым-Жомарт Токаев отметил, что Казахстан поддерживает предложение о создании Делового совета стран Центральной Азии. По его мнению, большое значение имеет дальнейшее развитие транзитно-транспортного потенциала региона, а также

принятие Комплексной стратегии развития транспортной системы Центральной Азии. – Особое место здесь отводится таким проектам, как Транскаспийский международный транспортный маршрут, коридор Север – Юг, инициатива «Пояс и путь», в

которые в той или иной степени вовлечены все страны Центральной Азии. Благодаря совместным усилиям последовательно наращивается потенциал железнодорожной магистрали Казахстан – Туркменистан – Иран. На сегодня это кратчайший маршрут в страны Персидского залива. Перспективным считаем строительство Трансафганской железной дороги, открывающей доступ на рынки Южной Азии. Казахстан проводит масштабную внутреннюю работу в транспортно-транзитной сфере. До 2030 года наша страна планирует модернизировать 11 тысяч километров и построить более пяти тысяч километров новых железных дорог, – сообщил Глава государства.

Еще одной актуальной задачей Касым-Жомарт Токаев назвал формирование прочной экономической базы многостороннего взаимодействия. В последние годы в этом направлении достигнуты ощутимые результаты. Планируем увеличить объем внутрорегиональной торговли, достигший 11 миллиардов долларов. Глава государства отметил важность наращивания товарооборота и его доведения до 15 миллиардов долларов в обозримой перспективе.

Фото с сайта
www.akorda.kz

ҚАЗАҚ-ӨЗБЕК ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ АРТУДА

Өткен аптада Қазақстанға Өзбекстан Президенті мемлекеттік сапармен келді. Кездесу барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Өзбекстан басшысы Шавкат Мирзиёев Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытындағы контейнерлік пойыздың Сианьнан Ташкентке келуіне орай ұйымдастырылған салтанатты іс-сараға қатысты.

Жиында Қазақстанның Көлік министрі Марат Қарабаев пен Өзбекстанның Көлік министрі Илхом Маххамов екі елдің көлік-транзит мүмкіндіктерін кеңейту бағытында жүргізілген бірлескен жұмыстар туралы баяндады.

Биылғы сәуір айында Хиуа қаласында Қытай – Қазақстан – Өзбекстан бағытында жүк тасымалын ұйымдастыру және Транс-Ауған бағытын дамыту бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілген болатын. Соның шеңберінде жүктерді жеткізу мерзімі қысқарды. Контейнерлік пойыз 4486 шақырым жолды 5 тәуліктің ішінде жүріп өтті. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Жүк пойызы Сиань қаласындағы порттан Қазақстан аумағы арқылы Ташкентке жөнелтілді.

Еліміздің Қытайдағы терминалдарының мүмкіндіктерін пайдалану және Қазақстан мен Өзбекстанның теміржол әкімшіліктерінің шекара маңындағы инфрақұрылымды нығайту бойынша нәтижелі ынтымақтастығы тасымалдау мерзімін қысқартуға ықпал етті. Бытыр екі ел арасындағы жүк тасымалының көлемі 31 миллион тоннадан асып, 2022 жылмен салыстырғанда 17,2 пайызға ұлғайды.

Ұлан ОРАЗ

ДОЛГОСРОЧНЫЕ ПЛАНЫ

Исполком СНГ и Евразийская экономическая комиссия готовят план совместных мероприятий, направленных на развитие транспортных коридоров до 2030 года.

Министр по энергетике и инфраструктуре ЕЭК Арзыбек Кожошев и председатель Исполкома КТС СНГ Геннадий Бессонов во время встречи отметили проделанную работу по развитию транспортной инфраструктуры и выразили намерение расширить сотрудничество по координации международных транспортных коридоров, проходящих по территориям стран ЕАЭС и СНГ.

– Мы делаем одно общее дело по развитию транспортных коридоров и можем добиться еще большего эффекта, объединив усилия ЕЭК и КТС СНГ, – подчеркнул Арзыбек Кожошев.

Участники встречи договорились о необходимости подготовить план совместных мероприятий, направленных на развитие транспортных коридоров до 2030 года.

– Значимость совместных мероприятий и сроки их исполнения должны быть определены в соответствии с Декларацией «Евразийский экономический путь», подписанной главами государств ЕАЭС. Она предусматривает дальнейшее развитие экономических процессов в рамках ЕАЭС до 2030 года и на период до 2045 года, – обозначил министр ЕЭК.

Роман ЛЮБИМОВ

Актуально

ДОРОГА – ЗЕРНУ

Традиционные направления экспорта акмолинского зерна сохранились и в текущем году. Так, внутри страны отправлено 9, на экспорт – 373 маршрута. Из них в страны Средней Азии – 337, Туркменистан – 1, Россию – 2, КНР – Достык – 33.

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау

В целом с начала года в регионе было погружено 1 миллион 741 тысяча тонн зерна, что меньше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года на 32,4%. В 2023 году было погружено 2 миллиона 574,2 тысячи тонн. По словам железнодорожников, причина заключается в ухудшении погодных условий во время уборочной кампании. Ведь постоянные дожди, которые шли неделями, не позволили вовремя собрать урожай. Например, по словам фермеров Северо-Казахстанской области, половина посеянных ими зерновых сгнила и пришла в негодность.

В 2024 году по Акмолинской области посев зерновых и зернобобовых культур составляет 5 миллионов 400 тысяч гектаров. Прогноз урожая в среднем составляет 11,2 центнера с гектара. По сравнению с прошлым годом, этот показатель составил 6,9 центнера. Таким

образом, ожидается увеличение на 62%.

По Северо-Казахстанской области посев зерновых и зернобобовых культур составляет 2 миллиона 985,5 тысячи гектаров. Прогноз урожая в среднем составляет 13,0 центнера с гектара, увеличение – на 58%.

По мнению специалистов, дефицита грузовых вагонов не будет, если эффективно и рационально работать с имеющимся парком. – Сегодня доля АО «Астық Транс» в погрузке составляет 65-70% по нашему отделению. На сегодняшний день в сутки погрузка в зерновозах в среднем составляет 350-400 вагонов, в том числе АО «Астық Транс» 200-250 вагонов. Также перевозка зерна и муки будет осуществляться в крытом подвижном составе АО «Қазтеміртранс». Компания обеспечивает потребность в крытых вагонах для перевозки муки. Доля погрузки по нашему отделению в парке ҚТТ составляет 70-75%. На сегодняшний день в среднем в сутки погрузка составляет 50-55 вагонов, –

отмечает главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Сайран Баржақсин.

Кроме того, для организации бесперебойной перевозки зерна и продуктов перемолота при Акмолинском отделении ГП создан оперативный штаб под председательством НОДПП-1 Саята Бекенова. На еженедельной основе штаб инициирует региональные совещания в виде онлайн-конференций с участием представителей акиматов, Комитета госинспекции в агропромышленном комплексе при Министерстве сельского хозяйства, зерновых компаний.

Одновременно с этим в регионе ведется работа по подготовке хлебоприемных предприятий. По Акмолинскому отделению ГП функционирует всего 129 элеваторов, из них 76 хлебоприемных предприятий готовы к перевозке нового урожая 2024 года и 53 проходят фумигацию.

Фото Александра ЖАБЧУКА



Айдын СЕЙТБЕНБЕТОВ,
«КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС

Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры:

ЖҰМЫС ЖЕМІСТІ БОЛУ ҮШІН
АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРДЫ
АЙҚЫНДАП АЛУ ҚАЖЕТ. ОСЫ
РЕТТЕ, БІЗ ПОЙИЗДАРДЫҢ
ТАРТЫМЫ БОЙЫНША ОТЫН-
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ШЫҒЫНДАР-
ДЫ АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН
ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІП, ЭНЕРГИЯ
РЕСУРСТАРЫН ҮНЕМДЕУГЕ
ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ МЕЖЕЛЕП
ОТЫРМЫЗ. СОНДАЙ-АҚ АЛ-
ДАҒЫ АЙЛАРДА МОЙЫНТЫ
– ШУ – АЛМАТЫ ТЕЛІМІНІҢ
ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН, ПАЙДАЛАНУ
ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTU MAҚCA-
ТЫНДА БІРЛІК-2 СТАНЦИЯСЫН
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІП, КӨКТӨБЕ,
АЛАЙҒЫР СТАНЦИЯЛАРЫНДА
ДИСПЕТЧЕРЛІК ТҰРАҚТАР САЛУ
ЖОСПАРДА БАР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
ДИРЕКЦИЯСЫ ЖҰМЫСШЫ-
ЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІН
ЖЕРІЛДЕТУ ҮШІН ӨНДІРІСТІ

1400

АСТАМ ШАҒЫН
МЕХАНИЗАЦИЯ ҚҰРАЛДА-
РЫМЕН ЖАРАҚТАНДЫРУДЫ
КӨЗДЕП ОТЫР.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ЖОЛАУШЫЛАР
ТАСЫМАЛЫНЫҢ
ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПАРКИ

50

ВАГОНМЕН ТОЛЫҚТЫ.

ТХКБ БОЙЫНША
ЖҮК ТАСЫМАЛЫ БИЫЛҒЫ
АЛТЫ АЙДА

2,5 млн

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Хромтау-Алтынсарин темір жолының Ақтөбе бөлімшесі аумағында күрделі жөндеу жүріп жатыр. Жол төсемін қорғауға геотоқыма материал қолданылуда. Мамандар жаңа технология жол сапасын жақсартып, жолшылар жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді деп болжам жасап отыр.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Никельтау, Әйтеке би, Хромтау учаскесіндегі жөндеу жұмыстары шілде айында басталды. Күрделі жөндеу кезінде рельсті шпальмен көтеріп, жол төсемінің үстіне геотоқыма материал жабылады. Мамандардың айтуынша, бұл шпал астындағы қиыршық тастың құммен араласып, суды сіңіріп, қалпын өзгертуден сақтайды. Жоспар бойынша бұл телімдегі күрделі жөндеу жұмыстары желтоқсан айында аяқталуы тиіс. Дегенмен, жұмыс қарқыны жоғары, сондықтан теміржолшылар жөндеу жұмыстарын қазан айында аяқтауды жоспарлап отыр. Қазіргі уақытта 15 шақырымда жұмыстар аяқталған.

– Хромтау-Алтынсарин темір жолында

жол төсемін қалыпқа келтіру үшін 2020 жылдан бастап күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. 2020 жылы жолдың 25 шақырымы қалыпқа келді. 2023 жылы 35 шақырым жөндеді. Биылғы жоспар 41 шақырым. Ұйтас-Құдықсай, Құдықсай-Жоса, Жоса-Аққудық аралығындағы жол төсеніші реттеледі. Рельс пен шпал толық алынып, жер төсенішінің беті қырылады, – деп ақпар берді Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің жетекші инженері Медет Оразбаев.

Никельтау жол дистанциясы жиырма жыл бұрын пайдалануға берілген Хромтау-Алтынсарин магистраліне қызмет көрсетеді. Жол төсемінде кемшілік тұстар жоқ емес. Жаңбырлы кезде топырақ отырып, қалыпқа келтіру жұмыстары жиі жасалады. Техникамен жол төсеніштері қазылып,

теміржол астындағы құм тегістеліп отырды. Техниканың мүмкіндігі 35-40 см жерді ғана қаза алады, ал жер төсенішінің биіктігі 7-8 метрге дейін кетеді. Ал темір жол астына үйілген топырақтың ең төменгі қабаты балшық боп езіліп, пойыз өткеннен кейін отырып қалады. Техника арқылы жолды қайта көтеріп, қайта тегістеуді қажет етеді. Бұл жолшылар жұмысын айтарлықтай қиындатады.

– Ал мынау жанадан қолданылып жатқан геотоқыма материал бойынша су өткізбейді, нәтижесінде су астына сіңбей, жаңға ағып кетеді. Құрамы қатты болғандықтан қиыршық тасты да жібермейді. Материал қиыршық тастың астына түседі. Материал сапалы, мүмкіндігі мол, жол төсемін реттеу үшін енді рельсті қайта-қайта көтермейміз. Салынған жолды қалпында



ұстап тұратын болады деген сенімдеміз. Материал Солтүстік Қазақстан облысынан келіп жатыр, – деді жол бөлімінің жетекші маманы.

Суретті түсірген автор

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР – АБАЙ ЕЛІНДЕ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ТАҒЛЫМ

10 тамыз – ұлы ақын, ағартушы, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы Абайдың туған күні. «ҚАЗҚОЛККӘСП» ҚБ Семей өңірінің кәсіподақ ұйымының қолдауымен Семей ЖТ бөлімшесінің қызметкерлері ақын туған өлке – Жидебайға барып қайтты.



Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған өлкенің тарихымен танысып, сол арқылы даналар шығармашылығы жайлы таным өрісін кеңейтуді көздеген сапар өте әсерлі болды. Теміржолшылар алдымен жол бойындағы Күшкбай батыр бұлағына ат шалдырды. Бұл жерде М.Әуезовтің «Қорғаныс күні» шығармасындағы Ғазиза есімді кейіпкер өмір сүрген.

Әрі қарай экспедиция мүшелері даңқты жазушы туып өскен Берлі өңірінде болып, әйгілі «Көксерек» оқиғасы өтетін жердің тарихымен де танысты. Қаламгердің мұражай үйіне кіріп, өткен ғасырдың тынысын сезінді. Сол тәрізді жол бойындағы Абай дүние есігін ашқан Қасқабұлақ елді мекенінде де аялдады.

Десек те, ең әсерлі сәт Абайдың жайлауы болған, ақын шығармаларының басым бөлігі жазылған әйгілі Жидебай жерінде өтті. Онда хакімнің мұражай үйі мен кесенесі орын тепкен. Абай, Шәкәрім мазарын зиярат еткен сала қызметкерлері ұлылардың өткен өмірімен, шығармашылығымен танысты.

Сонымен қатар аталмыш іс-шара аясында Абай мен Шәкәрім Құдайбердіұлының, Ақылбай, Мағауия Абай-ұлдарының шығармаларын жатқа айту бойынша байқау ұйымдастырылды. Нәтижесінде барлық қатысушыларға «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС «Семей ЖТ бөлімшесі» филиалының кәсіподақ ұйымының төрайымы Айгүл Берікболова естелік сыйлықтар табыс етті.

– 10 тамыз – Абай Құнанбайұлының туған күні. Бұл дата 2020 жылы үкімет қаулысымен Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында ресми түрде енгізілді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын мерекелеу туралы жарлыққа қол қойды. Демек, ұлттымыздың бас ақынын құрмет тұтатын көпшілік үшін ерекше күн. Осы сапар жан дүниемізді рухани байытып, танымдық-тағылымдық тұрғыдан мол мағлұмат алдық, – дейді шараға қатысушылар.

Суретті түсірген автор

ЕРЕКШЕ РЕЖИМГЕ КӨШІРЛДІ

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Қызылорда



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

5 тамыз 2024 ж. №217-ЦЖС бұйрығы негізінде жұмысшылардың штаттық жұмыс режимінен ерекше жұмыс режиміне көшірілуі – еңбек қорғау мен қауіпсіздіктің кешенді шараларының бір парасы.



2023 жылдың 25 желтоқсандағы 1009-ЦЖ бұйрығымен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау бойынша ерекше жұмыс режиміне ауыстыру туралы қағидасының 4-тармағына сәйкес ағымдағы жылдың 5 тамызында директор С. Рахметовтің №217-ЦЖС бұйрығы жарияланып, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының тапсырмасы, әрі қадағалауымен аймақтағы салалас мекемелерде барлық жұмыс үдерісі ерекше жұмыс режиміне көшірілді.

– Ербол Сәулебеков басқаратын Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі филиалына қарасты салалық мекемелерде штаттық жұмыс режимінен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ерекше жұмыс режиміне ауыстырылуына байланысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталған режим ағымдағы жылдың 5-тамызынан бастап 5 қыркүйекке дейін жалғасатын болады, – деді кәсіподақ ұйымының төрайымы Салтанат Махмұтова.

Ерекше жұмыс режимінің жариялауына байланысты салалық мекемелердің техникалық және еңбек қорғау инженерлері, өндірістік қауіпсіздік және экология секторының инженерлері теміржолшылар арасында түсіндіру, қадағалау шараларына басымдық беруде.

Суретті түсірген автор

ЛОГИСТИКАНЫ ДАМУ ТУРАСЫ АТЫРАУ ЖТ БӨЛІМШЕСІ



АЙМАҚ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

2024 жылдың 6 айының қорытындысымен бөлімшеде тиелген жүк көлемі 6 млн 900 мың тоннаны құрап, жоспар 113,4 пайыз болып жекеден асып түсті. Ал былтырғы 2023 жыл жоспарға сәйкес, жүк тиеу 6 айда 850 мың тоннаға артығымен болып, 114,1% орындалды. 4 аралық учаскесі бар, олар: Атырау-Қиғаш, Атырау-Мақат, Мақат-Сағыз, Мақат-Құлсары. Сонымен қатар 48 кластық станциялар мен бекеттері бар, соның ішінде 18 станция – жүк тиеуге және жүк түсіруге арналған станциялар.

Биылғы жарты жылда бөлімше бойынша жалпы тасымалда барлығы 123 799 вагон пайдаланылған болса, оның 979-сі «КТТ» АҚ, 122 820 вагон өзге меншік иелері мен жалға алушылардікі. Аталған мерзімде 123 799 вагон жүк тиелген, оның ішінде экспортқа 75 097 вагон, 3-ші елдерге 65 773, ТМД елдеріне 9 224, ҚР – 48 702 вагон жүк тиелген. Кейбір жүк жөнелтушілердің тиеуге берген вагондарды игере алмағандығынан және төлемқабілетсіздігінен 66 млн 561 мың 196 теңге айыпшұл салынған.

Жүк тиеу бағытында техникалық жоспар мынадай жүктермен орындалған: мұнай өнімдері – 114,9%, өнеркәсіптік шикізат

Көліктік логистика жүйесін дамыту арқылы мол табысқа келуге болатыны әлемдік тәжірибеден белгілі. Теміржол саласы бұл бағытта жаңаша жұмыс жасау тәсіліне көшкен. Соның ішінде Атырау ЖТ бөлімшесі логистика бағытында өнімді жұмыс жасап келеді.

– 170,9%, металл сынықтары – 1462,8%, құрылыс жүктері – 224,4%, металл өнімдері – 141,8%. Байқағанымыздай, өңірде жүк тиеу көлемі жоспардан әлдеқайда артып тұр. Жүк түсіру көлемі де одан кем емес. Мысалы, тәуліктік 247 вагон орнына 265 вагон болып, жоспар 107,3 пайызға жетті. Жергілікті вагон айналымы да жаман емес, 104,7%. Расында бүгінде бөлімшеде жүк операциялары үшін ашық 18 станция болса, олардың бәрінде логистикамен айналысатын мамандар бар. Мамандар жергілікті жерде, станция басында барлық құжаттарыңызды рәсімдеп береді. Бұл жұмыстардың біртіндеп электронды түрге көшуі және мамандардың жаңаша көзқарасы тасымал тасқынын артуға сәл де болса себепші екені анық. Екі жағдайда да уақыт үнемдуге көп маңыз беріледі.

Атырау өңірі – өндірісті аймақ. Бірнеше индустриалды-инновациялық жобалар жүзеге асырылып отыр, олардың көліктік логистиканы дамытуға әсері зор. Сонымен қатар алдағы уақытта бөлімше бойынша жүк тасымалы артады деген үміт бар. Өйткені жүк жөнелтушілер 2025 жылы Қарабатан станциясына 2,5 млн полиэтилен, бутадиең сынды жүк жөнелтуді, сондай-ақ Ескене станциясынан 1,5 млн тонна газ жөнелтуді жоспарлап отыр, – дейді Атырау жүк тасу-



малы бөлімшесі директорының логистика жөніндегі орынбасары Бекәділ Сауров.

Міне, бөлімшенің 6 айдағы логистика саласындағы көрсеткіштері осындай межеден көрініп отыр. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі көліктік логистика жүйесін одан әрі дамытып, жүк тасымалы көлемін арттыру, көлік қызметін пайдаланушылармен тиімді қарым-қатынас жасауды жақсартуға барынша күш салынууда. Өңірде өнімді еңбек етіп, қазақ мұнайын еселеп өндіріп-өңдеп жатқан «Теңішевройл», «Атырау мұнай өңдеу зауыты» сынды ірі кәсіпорындармен қатар «КеденТрансСервис», «ҚазТемірТранс», «ҚазТрансСервис», т.б. компаниялармен әріптестік байланысты нығайта түскен.

Суретті түсірген автор

ТЕЖЕГІШ ТЕКСЕРУДІҢ ТӘРТІБІ БАР



МАМАН

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

– Таспа тексеруші инженерлердің қолданысында локомотивтің жылдамдық өлшеу таспасынан бөлек, тіркеу кассетасы құралы болады. Оның арнайы құрылғысы тепловоз немесе электровоздың кабинасында орналасқан. Ал машинист кассетаны станциядан шықпай тұрып тіркеуі тиіс. Яғни ол жерде маманның аты-жөнінен бөлек, пойыз нөмірі мен жылжымалы құрамдағы вагон саны, жалпы салмағы секілді маңызды деректер түгел жазылады, – деп түсіндірді инженер-маман. Осындай деректер жазылған қағаз бен кассетаны машинист Арыстан шығып, Түркістанға жеткенде бізге тапсырады. Ол дереу АСУ деп аталатын деректер жүйесіне тіркеледі. Кассета арнайы құрылғыға қондырылғанда, ол жердегі барлық ақпарат компьютер экранында көрінеді. Осылайша, электронды үлгідегі диаграммдан машинисттің локомотивті қалай тізгінідегені анық байқалады. Бұл жердегі басты ерекшелік – деректерге қатысты сызықтардың барлығы

шарт-талап, ескерту белгілерімен қоса түрлі түстермен белгіленген.

Депо қызметкерлерінің айтуынша, мұнда тәулігіне 110-120 кассета өңделеді екен.



Бүгінде Арыс-Түркістан-Шиелі-Қызылорда аралығындағы жылжымалы құрамдардың қызмет сапасын қадағалауда ұстайтын мекемеде маневрлік пойыздар көп. Сондықтан да қағаз таспаға қарағанда, мұнда кассеталық таспа жиі қолданылады. Оның үстіне кассеталық таспа электронды үлгіде

болғандықтан, жылдам өңделеді және ол жетілдірілген нұсқа болып табылады.

Мәселен, таспада қандай жылдамдықпен келе жатқанда тежегіш басылғаны және оның неше метрге дейін басылғаны да бірден байқалады. Нұсқаулық бойынша мыңдаған тонна жүкті тіркеген локомотив станция паркінен қозғалған сәтте-ақ тежегішті бір тексеріп алу – машинисттің негізгі міндеті.

– Тежегішті тексерудің өз тәртібі бар. Негізінен жүк пойызының тежегіші тексерілер сәтте жылдамдық сағатына 50 шақырымнан аспауы тиіс. Айталық, жылжымалы құрам станциядан сағатына 45 шақырым жылдамдықпен қозғалып, тежегішті кілт басқанда жылдамдық дереу 35-ке дейін төмендесе, ол қалыпты жағдай. Ал инженерлер таспаға түскен ирек сызықтың арақашықтығын шаблон-сызғышпен өлшеу арқылы осы процестің қалай орындалғанын анықтайды. Егер әрекет талапқа сай болмай шықса, машинисттен бастап оған қатысты мамандардың барлығы да жауапқа тартылады. Себебі – қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру шарты орындалмаған деп саналады, – дейді өз ісінің маманы Гүлзира Темірбекова.

Суретті түсірген автор

ШАҒЫН ҰЖЫМНЫҢ ШАРУАСЫ ШИРАҚ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Бәйгекүм

Бүгінде өндіріс орындары жұмысын тоқтатып, базары тарқаған бекетте тек теміржолшылар тірлігі жалғасын тауып отыр. Ауысыммен жұмыс жасайтын Бәйгекүм станциясының теміржолшылары барлық қозғалысты РЦУП диспетчерлерінің реттеуімен жүзеге асырады. Жалпы үш жолы мен екі тұйық, кірме жолы бар шағын бекетте еңбек саласының қарапайым жұмысынан бастағандар, олар – станция бастығы әрі механигі Шерияздан Рахманқұлов пен станция кезекшілері Айхан Әлтаева мен Зүмрет Бакиров, Өмірбек Ахметов жетекшілік ететін жол дистанциясының жолшылары, вагон қараушы-жөндеушілер Серікбай Досқадіров, Мұрат Сақтағанов, КТСМ операторлары Бақытқали Ешматов пен Нұрбол Сәулебеков, байланысшы-электромеханик Сейілхан Байжанов, су мұнарасы операторы Дархан Жұмаділдаев сынды тәжірибелі, кәсіби мамандар. Қазір мұндай шағын бекеттерде станция кезекшісі мен механик жұмысы кіріктірілгендіктен теміржолшылар негізгі міндеттен бөлек жа-

Қызылорданың Бәйгекүм станциясы аймақтың оңтүстігінде орналасқан. Бір кезде ол жерде өнімі құрылысқа пайдаланылған Қамысзауыты болды, іргедегі Қауынбаздан қара күзге дейін Сырдың бал татыған қауын-қарбызы тиеліп, алыс-жақын шетелдерге жөнелтілетін.



нама жұмыстарды қоса жүргізеді. Мысалы, жүк вагондары сирек тоқтайтын станцияда пойыз құрастырушының міндетін станция бастығы атқара береді. Шағын болса да шаруасы мығым бекетте биылдыққа қозғалысқа нұсқан келтіретін жағдайлар тіркелмеген. Қысқасы, шағын ғана ұжым станция шаруасын дөңгелетіп отыр.

Билет кассасы болмаса да Қызылорда-Көкшетау, Қызылорда-Петропавл және Қызылорда-Түркістан бағытында қатынайтын жолаушылар пойыздары аялдап, жергілікті халықтың қажетін өтеп тұр.

– Басты міндетіміз – қозғалыс қауіпсізді-

гін қамтамасыз ету. Күнделікті графикте белгіленген жұмыс станциялықтар үшін аз шаруа емес. Мысалы, 684-ЦЗ пәрменімен бекітілген графикте көрсетілген жұмыстар станция шекарасынан өтетін пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін арттыру үшін атқарылады. Және күн сайын атқарылған жұмыстардың уақыты көрсетіліп, арнайы ПУ-2 және ДУ-46 журналдарында хатталады. Хатталып қана қоймай, өзара атқарған жұмысымызға есеп беріп бақылап отырамыз, – дейді станция кезекшісі Зүмрет Бакиров.

Суретті түсірген автор

РАБОТЫ ВЕДУТСЯ ПОЛНЫМ ХОДОМ



РЕМОНТ ПУТИ

В Костанайском регионе полным ходом ведутся работы по выполнению капитального, усиленного среднего и среднего ремонта железнодорожных путей.


Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Адильбек Касымгалиев, по плану в регионе будет капитально отремонтировано более 60 километров железнодорожных путей. Основная часть этих работ – 24,965 километра придется на участок Карагалинская – Басагаш (378-403-й

километра). Еще 19,846 километра путей будет отремонтировано на участке Притобольская – Апановка (158-178-й километры). И третий участок пути в текущем году будет отремонтирован протяженностью в 15,894 километра на переезде Костанай – Алкау (287-303-й километры).

Усиленным средним ремонтом, по его словам, будут охвачены наиболее изношенные участки железнодорожного полотна

в Костанайском регионе. Точно так же и средний ремонт проведут на участках путей, которые пока могут обойтись без капитального обновления. – Железнодорожные пути в нашем регионе постоянно обновляются, – говорит Адильбек Касымгалиев. – И это очень позитивный фактор. Ведь от состояния железнодорожных путей прежде всего зависит безопасность и бесперебойность движения.



Что касается объемов капремонта, он как раз оптимальный – не маленький и не слишком

большой, и мы успеваем его провести качественно и в срок.

Фото автора

Безопасность

В ФОКУСЕ – ТОРМОЗНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ

К исполнению плана мероприятий, направленных на повышение безопасности движения поездов в период месячника «Внимание – тормозное оборудование», приступили в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо (ВЧД-24).

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Как информировал инструктор по автотормозам и буксовому узлу ВЧД-24 Нурлан Наурызбаев, в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо утвердили план мероприятий. В начале месячника командно-инструкторский состав ВЧД-24, начальники ПТО, старшие осмотрички линейных пунктов обслуживания вагонов ознакомили с телеграфным указанием из Астаны всех причастных работников. На стендах уголков безопасности вывесили аналитику. Ежедневно на ПТО и КПТО проводят инструктажи по качеству технического обслуживания автотормозного оборудования грузовых вагонов в составе поезда перед их подготовкой в рейс, а также при подготовке вагонов под погрузку.

Также в депо пройдут технические занятия на тему «Порядок включения режимов воздушных распределителей вагонов с учетом наличия авторежимов в соответствии с загрузкой вагонов, типы тормозных колодок, регулировка зазоров между упором авторежимов и контактной планкой, регулировка ТРП», согласно требованиям пунктов раздела 7 Инструкции по эксплуатации тормозов подвижного состава АО «КТЖ» приказа от 21 декабря 2025 года. Во время месячника в ВЧД-24 установили постоянный контроль за качеством проведения техобслуживания автотормозного оборудования грузовых и пассажирских поездов перед подготовкой в рейс, разработали совместный график проверки подготовки грузовых поездов в рейс, совместных внезапных проверок готовых к отправлению поездов, а также проверок на ПТО, где проводится полная проба автотормозов

с десятиминутной выдержкой. Совместно с работниками Оскеменского эксплуатационного вагонного депо во время месячника в ВЧД-24 ежемесячно проводят проверку наличия и технического состояния соединительных рукавов и их сроков эксплуатации, а приемщики вагонов усилили контроль за соблюдением технологии ремонта узлов и деталей тормозного оборудования. Всего план мероприятий в период месячника состоит из 12 пунктов, обязательных к исполнению.

По данным начальника ПТО станции Оскемен-1 Шалкара Калмакбаева, месячник проводят в депо с 5 по 31 августа, согласно телеграфному указанию из Астаны. В нем сказано, что анализ случаев нарушений безопасности движения по вагонному хозяйству за первое полугодие показал увеличение случаев задержек поездов. Причинами стали падение давления в тормозной магистрали и показания приборов по диагностике КТСМ по признаку «Торможение». Поэтому возникла необходимость провести месячник по всему вагонному хозяйству ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – для профилактики неисправностей тормозного оборудования в пунктах подготовки вагонов под погрузку, а также на ПТО.

ЗОНА ПОВЫШЕННОГО ВНИМАНИЯ

В Павлодарском отделении ГП за шесть месяцев совместно с дистанцией пути, ОАП ЛОП, ВЖДО проведено девять совещаний по итогам мероприятий по недопущению случаев наезда на скот, посторонних лиц.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Всего с начала года было применено 40 экстренных торможений.

Как рассказал начальник службы безопасности движения Павлодарского отделения ГП Арман Байымбетов, на постоянной основе в целях предупреждения выхода посторонних людей в зону повышенной опасности руководством и руководителями станций филиала совместно с сотрудниками ОАП ЛОП, ТОО ВЖДО проводится профилактическая разъяснительная работа в учебных заведениях и пришкольных лагерях, находящихся вблизи железной дороги, на тему: «Железная дорога – зона повышенной опасности!», «Правила поведения и перехода через железнодорожные пути, о мерах

безопасности при нахождении вблизи железнодорожных путей, об опасности поражения высоким напряжением контактной сети, о правилах поведения при обнаружении подозрительных лиц и предметов», Кодекс РК «Об административных правонарушениях», статья 559 «Нарушение правил, обеспечивающих безопасность движения на железнодорожном транспорте». Разработаны и реализованы с органами внутренних дел на транспорте станций Павлодар, Екибастуз, Ерейментау планы совместных рейдовых мероприятий по профилактике правонарушений. Для оказания содействия в проведении ознакомительных работ с местным населением по правилам выпаса скота вблизи железнодорожного полотна в акимате Екибастуза организован «крутлый стол» с

участием акима города и стражниками порядка.

За шесть месяцев проведено три заседания координационных советов по узлам с приглашением представителей всех служб, транспортной прокуратуры и линейной полиции. Железнодорожники продолжают раздвигать среди населения памятки: «Берегите поезда! Хождение по путям запрещено», «Сними наушники», «Железная дорога – зона повышенной опасности!».

– Работники станции каждые три часа проводят оповещение по громкоговорящей связи обо всех передвижениях на станции при приеме, отправлении пассажирских, грузовых поездов, в том числе при производстве маневровой работы. Организованы информационные мероприятия в сети Instagram по недопущению

детей на территорию станции, на тему катания на поездах, подъема на крышу вагонов для того, чтобы сделать селфи, к примеру, также прохода под вагонами, – подробно рассказывает Арман Байымбетов. – Применено 40 экстренных торможений по предотвращению наездов, из них один случай на человека, 21 – скот, шесть перекрытий и 12 прочих случаев, столкновений с автотранспортом не допущено. В июне на участке Екибастуз – Павлодар станции Атыгай машинист применил экстренное торможение из-за нахождения лошадей на пути. Руководство станции Екибастуз провело оперативный разбор, собрание с жителями поселка Атыгай.

– Сегодня руководством отделений грузовых перевозок, магистральной сети, станций, дистанций пути, ВЖДО проводятся совместные рейдовые мероприятия с ОАП ЛОП и местными акиматами по выявлению и пресечению фактов нахождения посторонних лиц и скота в зонах повышенной опасности, продолжается разъяснительная работа с местным населением, – резюмировал Арман Байымбетов.

УКРЕПЛЯЮТ СОЮЗ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



СОТРУДНИЧЕСТВО

В Астане подписаны меморандум о сотрудничестве и Астанинское коммюнике между странами Центральной Азии.

В столице состоялась вторая встреча министров транспорта Казахстана, Кыргызстана, Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана.

В ходе мероприятия участники обсудили актуальные вопросы сотрудничества в сферах транзитных коридоров, железнодорожных и автомобильных перевозок, а также воздушного транспорта. Особо подчеркнута проводимая странами политика по развитию транспортной взаимосвязанности, направленная на строительство железных и автомобильных дорог. По итогам мероприятия было подписано Астанинское коммюнике, закрепляющее намерения сторон в дальнейшем укреплении сотрудничества.

Кроме того, министрами подписан меморандум, направленный на взаимодействие стран в рамках создания благоприятной среды для привлечения инвестиций, развития инфраструктуры и совершенствования нормативно-правовой базы, регулирующей деятельность транспортно-логистических центров.

Подписание меморандума стало логическим продолжением подписанного в 2023 году в городе Душанбе Соглашения об укреплении взаимосвязанности наземного транспорта в Центральной Азии.

Также для членов делегации была организована экскурсия на электровозосборочный завод, где были продемонстрированы производственные возможности отечественного локомотивостроения.



ОБЪЕМ ОБРАБОТКИ УВЕЛИЧИЛСЯ В 10 РАЗ

Алинура КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



ТРАНЗИТ

В период с июня по август 2024 года работниками столичного грузового терминала АО «Кедентранссервис» отгружено 100 контейнерных поездов, следующих транзитом по маршрутам Китай – Россия, Китай – Беларусь.

За семь месяцев 2024 года общий объем переработки контейнеров увеличился в 10 раз, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, и составил 22 650 ДФЭ.

Столичный грузовой терминал АО «Кедентранссервис» площадью 23 гектара и проектной мощностью более 34 тысяч ДФЭ в год сегодня является центром консолидации и дистрибуции импортных грузов и транзитным узлом на стыке международных маршрутов из Китая в Россию, Беларусь и Европу.

На территории имеется 17 подъездных путей (длина их более 8,1 тысячи метров), в том числе погрузочно-выгрузочные, соединительные, повышенные и выставочные. Терминал оборудован четырьмя козловыми кранами для погрузки, разгрузки и сортировки крупнотоннажных контейнеров, погрузчиками и иной техникой.

Фото Александра ЖАБЧУКА

С ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ПОДХОДОМ



ИТОГИ

Алматинским эксплуатационным вагонным депо выполняются все эксплуатационные показатели. Так, за июль текущего года к техническому осмотру предъявлено 4 862 пассажирских и грузовых поездов, за аналогичный период в прошлом году – 2 793. Дано под погрузку 22 654 вагона, увеличение – на 12,3%.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

За семь месяцев 2024 года к техническому осмотру предъявлено 36 442 пассажирских и грузовых поездов, за аналогичный период прошлого года 31 152 поезда, увеличение – на 14,5%. Дан под погрузку 150 001 вагон против 131 074 в 2023 году.

Более того, подготовлен с УЗОТ-РМ 6 571 поезд, за аналогичный период

2023 года – 5 124, увеличение – на 22,0%. За семь месяцев 2024 года отцеплено 3 339 вагонов против 4 709 в минувшем году, отремонтировано 2 646 вагонов.

Исходя из анализа работы межгосударственных пунктов, то с начала года сдано 5 245 поездов, за аналогичный период 2023 года – 4 839, принято 5 233 поезда против 4 779.

На обслуживаемом участке ВЧД-25 в эксплуатации имеется 35 средств автоматического контроля КТСМ-02.

С начала года проконтролировано 141 265 поездов против 143 185 за 2023 год, оставлено 46, увеличение на 13 поездов, или на 28,2%. Из них: гребне буксового узла – 33 случая, гребне кассетной буксы – 3, торможение – 10.

Общее время задержки составило 12 часов 47 минут против 10 часов 01 минуты за 2023 год.

Для повышения трудовой, исполнительской и технологической дисциплины разработаны организационно-технические мероприятия, направленные на безаварийную работу, снижение браков и производственного травматизма.

В депо трудятся высококвалифицированные специалисты, которые ежедневно следят за состоянием вагонов, проводят диагностику и профилактические работы.

Главный инженер Алматинского эксплуатационного вагонного депо Рысбек Абубакиров отметил, что благодаря слаженным усилиям сотрудников



депо удалось значительно повысить надежность и безопасность подвижного состава. В результате проведенных профилактических мероприятий и своевременного ремонта вагонов удалось избежать серьезных неисправностей, что позволило обеспечить бесперебойное движение поездов.

– Во все времена в депо трудятся и продолжают трудиться люди, увлеченные своей работой, вкладывая силы и душу в каждый вагон. Независимо от времени и условий, их ответственность обеспечивает стабильную работу депо, а также высокое качество обслуживания подвижного состава, – говорит Рысбек Абубакиров.

Алматинское эксплуатационное вагонное депо играет важную роль в поддержании стабильного функционирования железнодорожных перевозок, внося значительный вклад в развитие транспортной инфраструктуры региона.

Фото автора

ЭКСКАРСИЯЛЫҚ ТУР АЯҚТАЛДЫ

Орталық кәсіподақ жылыдағы дәстүрмен «ҚТЖ» ҰК» АҚ еңбеккерлерінің балаларына биыл да Астана қаласына экскурсиялық тур ұйымдастырып, оған еліміздің барлық өңірінен 240 бала қамтылды.



19 маусым мен 9 тамыз аралығында өткен мазмұнды бағдарламаға Семей, Маңғыстау, Шымкент, Жамбыл, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Ақмола, Павлодар, Шымкент, Батыс Қазақстан және Астана өңірінің балалары қатысты.

Балалардың әр кеші аниматорлардың қатысуымен түрлі ойындар, флешмоб, челлендж, балалар би кешімен өріліп, ал күндіз олар елорда төріндегі «Нүр Әлем» болашақ мұражайы, мұхитаралды, «Бәйтерек» монументін гүлден араласа, Экзотариум, Джунгли парктерін, ұлттық музейді тамашалап, мәре-сәре болды. Сонымен қатар сулы-жасыл желек алаңында, Есіл өзенінің үстінде теплоходпен саяхаттап, «Summer Fest» көңіл күй сергітерлік бағдарламаға қатысты. Балалардың барлық саяхаттық

іс-шаралары бейнероликке түсіріліп, ата-аналар оларды әлеуметтік желіге салып, бөлісуде.

Өткен жұма күні балалардың соңғы легі Астанадан үйлеріне аттанды. Олармен «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаев кездесіп, естелік суретке түсті.

– Балалар, бүгін сендердің елордаға үш күндік саяхаттарың аяқталып, үйлеріңе оралғалы отырсыңдар. Ата-аналарың теміржол саласында жұмыс істейтін болған соң осындай мүмкіндікке не болып отырсыңдар. Сондықтан үйге барған соң әке-шешелеріңе алғыс айтуды ұмытпаңдар. Сабақтарыңды жақсы оқып, еліміздің мықты азаматы болыңдар! – деді кәсіподақ төрағасы.

Балалар саяхатын ұйымдастырушылардың бірі Дина

Мерекеқызы, балалардың кешкілік демалысы да өте мазмұнды өтіп, бүлдіршіндердің қабілетін ашатын, өнерін ортаға салуға мұрасат беретін әртүрлі байқаулар ұйымдастырылғанын және оған балақайлар белсенді қатысқанын атап өтті. Павлодардан келген Кәрімнің әкесі теміржолшы екен, ол бұл саяхаттан ерекше әсер алғанын, әрбір күн есте қаларлықтай ерекше оқиғаларға толы болғанын жеткізді. Ал керекулік тағы бір бүлдіршін Мерей анасы теміржолда бухгалтер болып жұмыс істейтінін, келешекте өзінің де анасы құсап есепші болғысы келетінін жеткізді. Балалар елорданы көтеріңкі көңіл-күймен қайтты.

Сұлтанғұл БАКЕСОВА
Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

СМОТРЕТЬ В ОБА!

Знак «Почетный железнодорожник» получил осмотровщик вагонов пункта технического обслуживания станции Екибастуз-1 Кайрат Балгабаев. На протяжении 34 лет он обеспечивает безопасность движения грузовых и пассажирских перевозок.



Кайрат Балгабаев оказался немногословным и скромным человеком. Даже заслуженную награду получал со смущением и кроткой улыбкой. Не привык быть в центре внимания, зато в работе один из лучших, говорят его коллеги. 34 года назад он пришел на железную дорогу, точнее на станцию Екибастуз. Трудился сначала слесарем, потом осмотра-

щиком вагонов. С тех пор на одном месте. В трудовой книге тоже всего одна запись.

– Мне нравится моя профессия, станция Екибастуз-1 – мой второй дом, зачем куда-то уходить? Скутаться было некогда, – с таких слов начинается беседа Кайрат Жукенович. –

Обучаем молодых, сами тоже учимся, один коллектив, работаем дружно. Через шесть лет на пенсию выйду, если здоровье позволит, останусь, конечно. Если нет, то планирую полностью заняться сельскохозяйственной деятельностью.

У Кайрата Балгабаева отец, два старших брата и два сына работают на железной дороге. Семейная династия железнодорожников.

– Осмотрщик вагонов должен смотреть в оба, голова обязана работать. Своевременное выявление дефектов, неисправностей предотвращает несчастные случаи. Несерьезным людям лучше обходить эту профессию стороной, – говорит он. – Коллегами желаю крепкого здоровья, семейного благополучия и хорошо работать!

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар
Фото автора

СОХРАНЯЯ ЛУЧШИЕ ТРАДИЦИИ

Региональный совет ветеранов Алматинского отделения магистральной сети представляет собой объединение опытных и заслуженных работников, посвятивших свою жизнь служению железнодорожной отрасли.



Совет ветеранов активно участвует в общественной жизни, оказывая поддержку молодым специалистам, передавая свой богатый опыт и знания. Ветераны принимают участие в организации и проведении различных мероприятий, направленных на укрепление корпоративного духа и сохранение лучших традиций железнодорожного транспорта.

В Региональном совете на учете состоят 4 387 пенсионеров, в том числе 4 участника ВОВ, афганцев, чернобыльцев – 10 человек, один – блокадник, 249 – участников трудового фронта, 136 – Почетных железнодорожников. Общая сумма оказанной помощи по Региональному совету ветеранов за первое полугодие составила 18 712 497,78 тенге. Это позволило охватить 404 человека. Ветераны являются золотым фондом дороги. Многие из которых проработали на железной дороге по 40 и более лет, отдали лучшие годы своей трудовой деятельности – строительству, реконструкции и эксплуатации железнодорожного транспорта. И по сей день они проводят работу в

коллективах региона. Поднимают вопросы увеличения объема адресной материальной помощи малообеспеченным пенсионерам. Постоянно уточняются списки неработающих пенсионеров, при этом особое внимание уделяется на отметки (УТФ, ВОВ, инвалидность), так как данные категории пенсионеров освобождаются от уплаты налога, а затем представляются в отдел кадров и бухгалтерию отделения ПП.

Под руководством председателя Совета ветеранов Дуана Умарова в коллективах предприятий проводится работа, которая направлена на взаимодействие с молодыми сотрудниками, где люди старшего поколения охотно делятся многолетним опытом и профессиональными знаниями. Советы ветеранов и рекомендации ценятся коллегами и способствуют укреплению профессиональных связей внутри коллектива.

Рядом с ним его верные помощники – Шалабай Джанталаков, Людмила Сенькина и Людмила Кравченко,

которые также участвуют в организации встреч и бесед с молодыми железнодорожниками. Каждый из ветеранов, работающий в Совете ветеранов, обладает богатой биографией и значительным опытом. Их жизненные истории, безусловно, вдохновляют и мотивируют коллег, они охотно делятся лучшими практиками, помогая молодежи лучше ориентироваться в специфике работы. Опыт работы Совета ветеранов неоднократно изучался и заслушивался на заседаниях Алматинского городского и Алматинского районного Совета ветеранов, где была дана высокая оценка работы ветеранского движения железнодорожников.

– Суммарный вклад наших ветеранов в железнодорожную отрасль невозможно переоценить. Их многолетний опыт, мудрость и наставничество стали основой успешного функционирования отрасли, – отмечает председатель Совета ветеранов Дуан Умаров.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

СОҢҒЫ МАУСЫМ

Биыл Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің балаларды жазғы сауықтыру шараларымен қамту жоспарына сәйкес теміржолшылардың 300 баласы лагерьде демалды.



Осы аптада 4 тамыз күні онкүндік демалысқа аттанған 75 жас жеткіншек қала сыртындағы сауықтыру орталығында биылғы соңғы маусыммен аяқтап, отбасыларына оралмақшы. Олар Қаратау тау шатқалында орналасқан «Тау самалы» лагеріне жолдамамен жіберілген болатын.

– Биылғы маусымда балалар Түркістан облысындағы «Машат», Қаратау тау шатқалындағы «Тау самалы» лагерлерінде демалды. Маусым айында 50 жеткіншек көрші Түркістан облысындағы, тағы елу бала Қаратау тау

шатқалындағы лагерьге барып келді. Шілдедегі екінші лекпен 125 бала жіберілді. Тамыз айының басындағы жолдамаға ие болғандар соңғы лек. Жазғы сауықтыру маусымының үш кезеңінде 300 бала демалды, – дейді Жамбыл бөлімшесінің кадрлар бөлімінің басшысы Меруерт Баймұрзаева.

Ардақ ҮСЕЙНОВА, Жамбыл
Суретті түсірген автор

Спорт



БІЛЕКТІ ДЕ ЖҮРЕКТІ ЖІГІТТЕР

Атырау локомотив пайдалану депосының ауласында биыл ашылған спорт алаңында Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай спорттың бірнеше түрінен жарыс өткізілді.

Аймақ темір жолында еңбек етіп жатқан құрылымдық мекемелер қатысқан сайыс ұлттық спорт түрі – арқан тартудан басталды. Бұл өзі жанкүйерлердің делебесін қоздырып, еріксіз елтіп әкететін талапай тартыс екені даусыз. Көбіне «әуп» деп алдымен күш алып кеткені арқанды өз жағына тартып кетеді. Білекті жігіттер сайысында 3-ші орынды «Қазтеміртранс» АҚ филиалы, 2-ші орынды ЭЧ-4, ал 1-ші орынды ТЧЭ-3 локомотившілер командасы жеңіп алды.

Кір тасын көтеруден 1-орынды Атырау электрмен жабдықтау дистанциясының аға электромеханигі Н.Нұрбаев 16 кг кір тасын 100 рет көтеріп алға озса, дарстан – нысанға шаншудан бөлімшенің АСУ инженері А.Қабиев мергендік танытты. Әйелдер арасында қолкүрестен (армрестлинг) Теңдік станциясының инженері Ә.Сатыбаева, ерлер арасында машинист көмекшісі Г.Қоянбай, ал 80 кг жоғары салмақта ТЧЭ-3 машинист көмекшісі А.Асқарбақты иеленді. Әртүрлі ұжымнан жанкүйерлер мол жиналған жарыс соңында жеңімпаздарға арнайы дипломдар және ақшалай сыйлық табыс етілді.

Қосыйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор

ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫС ӨТТІ

ҚТЖ-да жылдағыдай «Әкем, анам және мен, біз – спортшылар отбасы» атты дәстүрлі байқау өтті. Оған еліміздің 18 өңірінен 22 команда қатысып, күш-жігері мықты отбасы атағын алуға таласты.

Негізгі қатысушылар – Магистральдық желі дирекциясы мен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарының қызметкерлері. Іс-шараны өткізуге компанияның Әлеуметтік саясат департаменті мен «Қазкөліккәсіп» ҚБ мұрындық болды.

Отбасылардың бұрын бұл байқауға қатыспаған болуы – жарыстың басты шарты. Елорда іргесіндегі «Бейбарыс» демалыс базасында өткен байқау кезінде ауа-райы қолайсыз болып, нөсер жаңбыр жауғанына қарамастан спортты серік еткен теміржолшылар отбасылары жарыста өте белсенділік танытты. Жарыс барысында қатысушылардан мықтылықты, ептілікті, бейімділікті

талап ететін түрлі тапсырмалардан тұратын 10 станциядан өту міндеті жүктелді. Нәтижесінде Қостанайдың Құсұмыр станциясынан келген Имақановтар отбасы оза шауып байқаудың 1-орнын жеңіп алды. 2-орынды Қарағандыдан келген Дардақовтар отбасы алды. Ал 3-орын қызылордалық Тәжібаевтар отбасына берілді.

Жеңімпаз отбасылық команда – Имақановтар әулетінің отағасы Азамат – Құсұмыр жол дистанциясының жол шебері болса, отанасы Әсел – осы дистанцияның техникалық бөлімінің жол инженері қызметін атқарады. Ұлдары Әмір 13 жаста. Жұттардың одан басқа тағы бір баласы бар.

НА МАНЕЖЕ – СИЛЬНЫЕ МУЖЧИНЫ

На спортивной площадке дома культуры железнодорожников города Караганды прошли соревнования по гиревому спорту, қазақ күресі и шахматам.



По словам инструктора по спорту Карагандинского филиала ООО «Казпрофтранс» Тағата Айманбетова, очень важно нести в массы пропаганду здорового образа жизни, и сегодня железнодорожники по всем видам спорта показывают отличные результаты.

Сначала мужчины продемонстрировали свою силу в поднятии гири, которые были весьма внушительного размера. Суть этого вида спорта заключается в цикличности – за отведенный

промежуток времени необходимо осуществить подъем гири максимально возможное число раз. Силачей оказалось немало, но увы не каждый сумел пройти этап до конца. В результате самыми крепкими и выносливыми оказались работники Карагандинского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-14) – Николай Сидоренко, Денис Шершнев, Дмитрий Михайлиев. Не менее зрелищными и захватывающими



– Байқауға алғаш рет қатысып тұрмыз. Кәсіподақ тарапынан бізге ұсыныс түсті. Себебі мен жеңіл атлетикадан Спартакиадаға қатысқанмын. Ұлым волейболмен айналысады. Жолдасым да спортқа жақын, әрі нағыз қара күштің иесі, жолшы. Барлық сынақтан сүрінбей өтіп, жеңіске жеттік, – деп қуанышымен бөлісті Әсел Имақанова.

Барлық жеңімпаздар дипломдар және ақшалай сертификаттарға, кубоктарға ие болды. Бірінші орынға 120 мың теңгенің сертификаты берілді.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

были соревнования по казак күресі. Крепкого телосложения мужчины производили захваты, бросали противников на спину, делали подсежки, зацепы ногами. Победителями в этом виде спорта стали Курман Колганат из ДС Сортировка, Сейткарим Бах, представляющий ЭЧ-12, Жанантес Рахат – ЭЧ-12.

Заключительной была интеллектуальная игра в шахматы. Здесь уже не обязательна сила, а больше нужны логика, концентрация, критическое и абстрактное мышление, стратегическое планирование, анализ и оценка.

В этой игре преуспели ветераны-железнодорожники. Первое место занял Сергей Кабов, второе – Еркен Салтыбаев и третье – Николай Орден. Все победители и призеры соревнований получили подарки от Карагандинского филиала ООО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтабе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық сәліпәт теміржол»

автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің қасиеті одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Қудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел.: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.